

**Облыс әкімиятының 2002 жылғы 17 қаңтардағы N 84 "Облысқа айрықша сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету тәртібін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облыстық әкімиятының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 220 қаулысы. Атырау облыстық әділет Департаментінде 2005 жылғы 28 шілдеде N 2436 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 4 қазандағы N 288 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.10.04 N 288 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 53-бабына сәйкес облыс әкімияты қаулы етеді :

1. Облыс әкімиятының 2002 жылғы 17 қаңтардағы N№84 "Облысқа айрықша сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету тәртібін бекіту туралы" қаулысына (Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 28 ақпанда N№806 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін :

қаулының 2-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Атырау қаласы және аудандар әкімдері осы қаулымен бекітілген тәртіпке сәйкес әлеуметтік көмектің тағайындалуы мен төленуін қамтамасыз етсін " ;

қаулының 3-тармағы алынып тасталсын;

көрсетілген қаулының қосымшасында:

бүкіл мәтін бойынша "еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары»және еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" деген сөздер "жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыстық қаржы басқармасы", "облыстық бюджетте", "облыс бойынша" деген сөздер "жергілікті қаржы органдары", "жергілікті бюджетте", "қала, аудан бойынша"»деген сөздермен ауыстырылсын;"

11-тармақ алынып тасталсын;

13-тармақтағы "өтінімі бойынша" деген сөздер "қаржыландыру жоспары негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Облыс әкімиятының 2005 жылғы 23 мамырдағы № 178 "Атырау облысы әкімиятының 2002 жылғы 17 қаңтардағы № 84 "Облысқа айрықша сіңірген еңбегі

үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету тәртібін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысының күші ж о й ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Рысқалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК